

Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 1291 қаулысы.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 118-бабының төртінші бөлігіне, 221-бабының үшінші және төртінші бөліктеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидалары бекітілсін.

2. "Қылмыстық қудалау органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелер болып табылатын есірткі құралдарын, психотроптық заттарды жою ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 қарашадағы № 1017 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 42, 474-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 1291 қаулысымен
бекітілген

Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы

ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2022 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 118-бабының төртінші бөлігіне, 221-бабының үшінші және төртінші бөліктеріне сәйкес әзірленді және сотқа дейінгі іс жүргізу әрі сот талқылауы барысында заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қоюдың, есепке алудың, сақтаудың, берудің және жоюдың бірыңғай тәртібін айқындайды.

2. Қылмыстық істі тоқтату туралы шешім немесе үкім шығару кезінде заттай дәлелдемелер туралы мәселе шешіледі. Бұл ретте:

1) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға тиесілі қылмыстық құқық бұзушылық құралдары және (немесе) заттары Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабының негізінде тәркілеуге жатады;

2) өз мүлкінің құқыққа қайшы мақсаттарда пайдаланылғанын білмеген не білуге тиіс болмаған адамға заңды негіздерде тиесілі қылмыстық құқық бұзушылық жасау құралы және (немесе) заты осы адамға кері қайтарылуға жатады;

3) өзге жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылық жасау құралдары немесе заттары тиісті мекемелерге, белгілі бір адамдарға беріледі немесе жойылады;

4) ұстауға тыйым салынған немесе ұстауға шектеу қойылған заттар тиісті мекемелерге берілуге жатады немесе жойылады;

5) құндылығы жоқ және пайдалануға келмейтін заттар жойылуға жатады, ал мүдделі тұлғалардың немесе мекемелердің өтінішхаты болған жағдайда, оларға берілуі мүмкін;

6) қылмыстық жолмен алынған не заңды иесіне қайтарылуға тиіс мүлік пен одан түсетін кірістерді қоспағанда, қылмыстық жолмен алынған ақша және сондай қаражатқа сатып алынған өзге де мүлік, сондай-ақ заңсыз кәсіпкерлік және контрабанда заттары соттың шешімі бойынша мемлекеттің кірісіне айналдырылуға жатады; қалған заттар заңды иелеріне беріледі, ал иелері анықталмаған кезде мемлекеттің меншігіне өтеді. Бұл заттардың тиесілігі туралы дау туындаған жағдайда дау азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешілуге жатады;

7) заттай дәлелдемелер болып табылатын құжаттар дәлелдемелерді сақтаудың бүкіл мерзімі ішінде іспен бірге қалады не ҚПК-нің 120-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен мүдделі жеке немесе заңды тұлғаларға беріледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.04.2020 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Заттай дәлелдемелер, құндылықтар және өзге де мүлік бүлінген, жоғалған жағдайда, келтірілген зиян азаматтық тәртіппен өтелуге жатады.

2-тарау. Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді және құжаттарды алып қою тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2022 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қылмыстық процесті жүргізуші органның қызметкері іс үшін маңызы бар:

1) тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде табылған не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның талап етуі бойынша ұсынылған нәрселерді;

2) ұстауға шектеу қойылған нәрселер мен құжаттарды (иесінің оларды сатып алуға, пайдалануға және сақтауға рұқсаты болмаған кезде) алып қояды. Еркін айналымнан алынып тасталғандардың қатарына тізбесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен айқындалатын, ерекше рұқсат алу арқылы сатып алынатын нәрселер және дайындалуына, сатып алуға, сақтауға, сатуға және таратуға заңмен тыйым салынған басқа да объектілер жатады;

3) күдікті қамауда болған жағдайда, ҚПК-нің 300-бабының ескертпесінде көзделген жеке басын куәландыратын құжаттарды;

4) айыпталушының (сотталушының) мүлкіне тыйым салу кезінде табылған, оларға келтірілген материалдық залалды өтеу немесе мүлікті тәркілеу бөлігінде үкімді орындау мақсатында өндіріп алу қолданылуы мүмкін ақша және өзге де құндылықтарды алып қояды.

5. Нәрселерді, құндылықтар мен құжаттарды алып қою фактісі процестік әрекеттер хаттамасында не Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 527-бабында көзделген талаптарға сәйкес жасалған хаттамада көрсетіледі. Қылмыстық процесті жүргізуші орган нәрсені, құндылықтар мен құжаттарды ұсынған адамнан жауап алып, хаттамада ақиқатты анықтау үшін маңызы бар нәрсенің атауларын, оларды табудың, сатып алудың, сақтаудың уақытын, орнын және басқа да мән-жайларын көрсетеді. Нақты деректер процестік әрекеттер хаттамасында не Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 527-бабында көзделген талаптарға сәйкес жасалған хаттамада тіркелгеннен кейін ғана оларды дәлелдемелер ретінде пайдалануға болады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2022 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Олармен жұмыс істеу белгілі бір дағдылардың болуын, олардың сапалық сипаттамаларын, жеке белгілерін дәл тіркеуді және құнын анықтауды талап ететін нәрселерді, құндылықтар мен құжаттарды алып қою үшін тиісті мамандар тартылады.

Нәрселерді, құндылықтар мен құжаттарды табу және алып қою фактісі фототүсірумен, бейнежазбамен және басқа да ғылыми-техникалық құралдармен тіркеледі.

7. Процестік әрекеттер хаттамасында не Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 527-бабында көзделген талаптарға сәйкес жасалған хаттамада барлық алынатын нәрселер мен құжаттар, сол сияқты тізімделетін мүлік көрсетіледі. Нәрселердің, құндылықтар мен құжаттардың ауқымды мөлшері алынатын кезде хаттамаға қоса берілетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын тізімдеме міндетті түрде жасалады, онда нәрсенің нақты атауы, әрбір алынатын объектінің саны, өлшемі, салмағы, сериясы, нөмірі және басқа да айырым белгілері, олардың табылған жері мен уақыты көрсетіледі.

Істің мән-жайларына қарай қылмыстық процесті жүргізетін орган, егер объектіні бүтіндей алу мүмкіндігі болмаса, қылмыстық іске қатысты іздері (микро-іздер) бар объектінің бір бөлігін алады. Бұл ретте, қылмыстық процесті жүргізетін орган жәбірленушілер мен өзге де адамдарға тиесілі заттардың бүлінуіне жол бермейді, ал мәжбүрлі бүлінген жағдайда, бұл туралы тиісті хаттамада белгі жасайды және азаматтарға келтірілген зиянды өтеуге шаралар қолданады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2022 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Оқиға болған орынды, жерді немесе үй-жайды қарап-тексеру кезінде анықталған не тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде алынған не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның талап етуі бойынша ұсынылған нәрселер, құндылықтар мен құжаттар алынады және олар тартылған кезде куәгерлерге немесе бұған қатысып отырған басқа да адамдарға көрсетіледі.

Қажет болған кезде осы нәрселер, құндылықтар және құжаттар олардың бүліну мүмкіндігін болдырмайтын және оларда іздердің (микро-іздердің) сақталуын қамтамасыз ететін қаптамаға салынады, ол қылмыстық істің нөмірі көрсетілген биркалармен жабдықталады, куәландыратын жазбалармен және алып қою жүргізілген тергеу әрекетіне қатысқан адамдардың, қылмыстық процесті жүргізетін орган қызметкерлерінің қолдарымен куәландырылады, сондай-ақ тиісті органның мөрімен бекітіледі.

Егер алынатын нәрселердің, құндылықтар мен құжаттардың көп болуына байланысты олардың тізімдемесін жасау мүмкін болмаған жағдайларда, олар қаптамаға салынады, ол куәландыратын жазбалармен және жоғарыда аталған адамдардың қолдарымен куәландырылған биркалармен жабдықталады.

Мұндай жағдайларда алынған нәрселердің, құндылықтар мен құжаттардың тізімдемесін жасау қылмыстық-процестік заңнама талаптары сақталып, оларды егжей-тегжейлі қарап-тексеру кезінде жүргізіледі.

9. Процестік әрекеттер хаттамасы және нәрселердің, құндылықтар мен құжаттардың тізімдемесі екі данада жасалады және Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасы нормаларының талаптарына сай болуға тиіс, оған алуды жүргізген адам және бұған қатысқан адамдар, оның ішінде нәрсесі алынған адам, ал ол болмаған жағдайда оның отбасының кәмелетке толған мүшесі, жергілікті атқарушы органның не тұрғын үй-пайдалану ұйымының өкілі қол қояды.

Хаттама мен тізімдеменің көшірмелері нәрселері, құндылықтары мен құжаттары алынған адамға, ал ол болмағанда – оның отбасының кәмелетке толған мүшелеріне не хаттамаға қол қойған жоғарыда аталған өкілдерге беріледі.

Тыйым салынған мүлікті алу туралы әрбір нәрсенің дараландыратын айырым белгілері көрсетіліп, жеке хаттама жасалады.

10. Алынған нәрселер, құндылықтар мен құжаттар қарап-тексеруге, қажетті жағдайларда маманның қатысуымен қарап-тексеруге жатады, процестік әрекеттер хаттамасында не Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 527-бабында көзделген талаптарға сәйкес жасалған хаттамада толық сипатталады, онда нәрселердің, құндылықтар мен құжаттардың сандық және сапалық сипаттамалары, объектіні оған ұқсастардың арасынан ажыратуға мүмкіндік беретін және оның дәлелдемелік маңызын негіздейтін басқа да барлық дара белгілері көрсетіледі.

Егер нәрселер (жарылғыш, уытты және улы заттар, радиоактивті материалдар және басқа да қауіпті заттар) қауіп төндіреді деген күдік болса, маманды тарту міндетті болып табылады. Маман болмаған кезде, мұндай объектілермен қандай да бір әрекеттер жасауға жол берілмейді.

Маманды тарту мүмкін болмаған кезде, процестік құжатта алынатын нәрсенің және құндылықтардың дара белгілері ғана көрсетіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2022 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Оларды заттай дәлелдемелер деп танығанға дейін алынған ақшалар мен құндылықтар, сондай-ақ айналымына тыйым салынған немесе тыйым салынған нәрселер осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен есепке алынады және сақталады.

12. Қарап-тексергеннен кейін заттай дәлелдеме болып танылған алынатын нәрселер қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысымен не Қазақстан Республикасы

Қылмыстық-процестік кодексінің 527-бабында көзделген талаптарға сәйкес жасалған хаттамамен іске қоса тіркеледі және үкім немесе істі тоқтату туралы қаулы заңды күшіне енгенге дейін сонда болады.

Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында алынған, бірақ заттай дәлелдемелер деп танылмаған нәрселер, құндылықтар мен құжаттар өздері алынған адамға қайтарылуға жатады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2022 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Тікелей істе сақталатын құжаттарды (соның ішінде жеке) қоспағанда, нәрселер мен құжаттар қапталады, мөрленеді, қылмыстық процесті жүргізетін адамның, олар тартылған кезде куәгерлердің және тергеу әрекеттеріне басқа да қатысушылардың қолдарымен куәландырылады.

Қаптама оның тұтастығын бұзбай ішіндегісін ауыстыру немесе өзгерту мүмкіндігін болдырмауға және алынғанның заттай дәлелдеме маңызы бар қасиеттерінің зақымдануынан, бүлінуінен, нашарлауынан немесе жоғалуын сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.

Қаптамада оның ішіндегісінің тізбесі мен тергеу әрекетінің түрі, күні мен орны, қылмыстық істің нөмірі, тергеу әрекетін жүргізген адам лауазымының толық атауы көрсетілген түсіндірме жазба жасалуға тиіс.

14. Алынған есірткіні және психотроптық заттар мен олардың аналогтарын қылмыстық қудалау органы жиырма төрт сағат ішінде сот сараптамасын өткізуге жібереді.

Сот сараптамасы өткізілгеннен кейін қырық сегіз сағаттан кешіктірмей қылмыстық қудалау органы зерттелген есірткіні және психотроптық заттар мен олардың аналогтарын қылмыстық іске заттай дәлелдемелер ретінде қоса тіркейді.

Прокурормен, қылмыстық қудалау органымен немесе оның тапсырмасы бойынша сарапшымен немесе маманмен келісілген қаулының негізінде міндетті түрде бейнежазба қолданылып, алынған есірткінің және психотроптық заттар мен олардың аналогтарының жалпы массасынан тиісті есірткінің, психотроптық заттар мен олардың аналогтарының әрбір атауы (түрі) бойынша "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңымен (бұдан әрі – Заң) белгіленген аса ірі мөлшерге тең шамада үлгілер іріктеп алынады.

Есірткінің не психотроптық заттар мен олардың аналогтарының екі және одан да көп қаптамалары алынған жағдайда, үлгілер әрбір қаптамадан алынады.

Есірткінің каннабиноидты түрлері алынған жағдайда, алып қоюдың жалпы талаптары сақтала отырып, сараптамалық зерттеулердің тиісті түрлері жүргізілгеннен

кейін одан әрі сақтау үшін жалпы массадан осы есірткі түрі үшін Заңда белгіленген аса ірі мөлшерге тең үлгілер іріктеп алынады.

15. Қылмыстық процесті жүргізетін орган хаттама жасайды, онда үлгілерді алу үшін қабылданған барлық әрекеттер олар жүргізілген кезектілікпен, ол үшін қолданылған ғылыми-зерттеу және басқа да әдістер мен рәсімдер, сондай-ақ үлгілердің өздері сипатталады.

Іске есірткі, психотроптық заттар мен олардың аналогтары олар табылған және алынған сәтте сақталған немесе тасымалданған барлық қаптамалардың фотокестелері, сондай-ақ қаптама деректері де қоса тіркеледі.

16. Іріктеп алынған үлгілер қапталады, мөрленеді, тергеу әрекеттеріне қатысушылардың қолдарымен куәландырылады, қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысымен не Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 527-бабында көзделген талаптарға сәйкес жасалған хаттамамен заттай дәлелдемелер ретінде іске қоса тіркеледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2022 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Тергеу мен қарауды Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары жүзеге асыратын қылмыстық істер бойынша есірткіні, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын шетелдік мемлекеттердің құқық қорғау органдары алған не жойған жағдайларда, қылмыстық іске алып қойылуы не жойылуы туралы растайтын құжат қоса тіркеледі.

3-тарау. Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді есепке алу тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2022 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Алынған заттай дәлелдемелер, сондай-ақ істер бойынша алынған заттай дәлелдемелер болып табылмайтын ақша мен құндылықтар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қылмыстық процесті жүргізетін орган алып қоятын немесе алған заттай дәлелдемелерді, құжаттарды есепке алу кітабында (бұдан әрі – кітап) міндетті түрде есепке алуға жатады.

Кітап әрбір құқық қорғау және арнаулы органда жүргізіледі және оған жауапты адамдардың (кезекші бөлім, кеңсе) тәулік бойы қол жеткізуін қамтамасыз ететін орында болады.

19. Сақтау камерасына берілетін заттай дәлелдемелер, сондай-ақ істер бойынша алынған заттай дәлелдемелер болып табылмайтын басқа да ақша мен құндылықтар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтау камерасындағы заттай

дәлелдемелерді және істер бойынша алынған заттай дәлелдемелер болып танылмаған басқа да ақша мен құндылықтарды есепке алу журналында (бұдан әрі – журнал) міндетті түрде тіркелуге жатады.

Журнал әрбір сотта, құқық қорғау және арнаулы органда, сот сараптамасы органында жүргізіледі және сақтау камерасында заттай дәлелдемелерді сақтау үшін жауапты адамда (бұдан әрі – сақтау үшін жауапты адам) болады.

20. Кітап пен журнал қатаң есептегі құжаттарға жатады, олар нөмірленеді, тігіледі және мөрмен, органның, сондай-ақ олардың ведомстволарының, аумақтық және өзге де органдардың бірінші басшыларының қолымен бекітіледі.

Сақтау үшін жауапты адам заттай дәлелдемелерге қатысты қабылданған шешімдер жөніндегі қаулылардың және сот актілерінің көшірмелерімен бірге номенклатуралық істі жүргізеді.

21. Заттай дәлелдемелерді кітапта тіркеуді қылмыстық қудалау органының қызметкері заттай дәлелдеме деп тану туралы қаулы шығарылған кезден бастап дереу, ал заттай дәлелдемелер болып танылмаған ақшаны, нәрселер мен құндылықтарды олар процестік құжаттар бойынша алынған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде жүргізеді.

22. Барлық заттай дәлелдемелер және істер бойынша алынған заттай дәлелдемелер болып табылмайтын басқа да ақша мен құндылықтар түскен күні журналға тіркеледі.

Сақтау үшін жауапты адам тіркеу кезінде қаптаманың бүтіндігін, онда мөр мен түсіндірме жазбаның бар-жоғын, қабылданып отырған заттай дәлелдемелердің, сондай-ақ істер бойынша алынған заттай дәлелдемелер болып танылмаған басқа да ақша мен құндылықтардың іске қоса тіркеу туралы қаулыдағы және оларды алу туралы процестік құжаттағы жазбаларға сәйкестігін тексереді.

Бұл ретте сақтау үшін жауапты адамға сақтауға қабылданған заттай дәлелдемелердің және өзге де нәрселердің қаптамасын ашуға рұқсат етілмейді.

23. Заттай дәлелдемелер және істер бойынша алынған заттай дәлелдемелер болып танылмаған басқа да ақша мен құндылықтарды кітапта және журналда тіркеу хронологиялық тәртіппен жүргізіледі, әрбір зат оған реттік нөмір беріліп жеке жазылады, біртекті бірнеше нәрсе алынған кезде олардың саны, түскен күні, атауы көрсетіледі.

Егер заттай дәлелдемелер қылмыстық істе болып, сақтау камерасына тапсырылмаса, кітапта заттай дәлелдемелер болатын лауазымды адамның тегі көрсетіліп, ол туралы белгі жасалады.

Кітап пен журналдан басқа уәкілетті органдар басшыларының қалауы бойынша осы объектілерді есепке алудың басқа да нысандары белгіленуі мүмкін.

24. Заттай дәлелдемелерді сотта тіркеу кезінде оған журнал бойынша реттік нөмір беріледі, онда заттай дәлелдеменің келіп түскен күні, атауы, саны, ол қоса тіркелген істің нөмірі, айыпталушының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Одан кейін

қылмыстық іс сотта тіркелген нөмір қойылады, сондай-ақ заттай дәлелдеменің нөмірі көрсетіледі.

Қылмыстық істер сотта тіркелгенде заттай дәлелдемелер болған кезде Қазақстан Республикасы сот органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесінің базасында электрондық нысандар – заттай дәлелдемелердің нысаны жасалады. Есепке алу құжатында заттай дәлелдемелер мен оларды беру бөлігінде есепке алу, сақтау, сот актісін орындау жөніндегі деректемелер толтырылуы тиіс.

25. Заттай дәлелдемелердің жай-күйіне және оларды есепке алу, сақтау, жою және өткізу тәртібіне ревизиялар мен тексерулер жылына кемінде бір рет жүргізіледі, олардың нәтижелері анықтамалар мен актілерде тіркеледі. Ревизиялар мен тексерулерді жүргізу кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді есепке алу мен сақтауға ерекше көңіл бөлінеді.

Қылмыстық қудалау органдары қазынашылық органдарымен бірлесіп, жылына кемінде бір рет тергеп-тексерілетін қылмыстық істер шеңберінде алынған ұлттық және шетелдік валютадағы шоттарда ақша қалдықтарының болуын салыстыруды жүргізеді.

4-тарау. Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алынған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткі, психотроптық заттарды сақтау тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2022 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26. Соттарда, сот сараптамасы, құқық қорғау, арнаулы, басқа да уәкілетті мемлекеттік органдарда заттай дәлелдемелерді сақтау үшін сөрелері, мөр басу қондырғысы бар металл есіктері, табиғи немесе жасанды желдеткіші, темірмен торланған терезелері, күзет және өртке қарсы автоматика жүйелері бар арнайы үй-жайлар жабдықталады. Мұндай үй-жай болмаған кезде арнайы қойма (жеткілікті көлемдегі металл шкаф) бөлінеді.

Заттай дәлелдемелерді сақтауға арналған үй-жайға қойылатын талаптар тиісті мемлекеттік органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Іске қосылған заттай дәлелдемелердің сақталуы үшін жауапкершілік сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамға, ал сотта – судьяға немесе сот төрағасына, сот сараптамасы органында – зерттеуді жүргізген сарапшыға жүктеледі.

27. Сақтауға жауапты адам сот төрағасының, сот сараптамасы, құқық қорғау, арнаулы және басқа да мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының, аумақтық және өзге де органдар басшыларының бұйрығымен (өкімімен) қылмыстық істерді тергеп-тексеруге қатысы жоқ көрсетілген мекемелер қызметкерлерінің ішінен тағайындалады.

Сонымен бірге, бұйрықта (өкімде) ол болмаған кезеңде сақтауға жауапты болатын оны алмастыратын адам белгіленеді.

Сақтауға жауапты адам жұмысын ауыстырған, жұмыстан босатылған немесе демалысқа кеткен кезде органның, олардың ведомстволарының, аумақтық және өзге де органдардың бірінші басшылары оларды алып қою көрсетілген құжаттардағы жазбаларға нақты болудың сәйкестігін тексеру жөніндегі комиссия тағайындайды.

Тексеру нәтижелері жаңадан жауапты адамға немесе оны алмастыратын адамға қабылдау-беру актісімен ресімделеді.

28. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заттай дәлелдемелер деп тану туралы қаулысы немесе алып қою туралы процестік құжаты заттай дәлелдемені, заттай дәлелдемелер деп танылмаған ақша мен құндылықтарды сақтауға орналастыру үшін негіздеме болып табылады.

Заттай дәлелдемелерді сақтауға арналған үй-жайға олардың сақталуы үшін жауапты адамның қатысуымен ғана кіруге болады.

29. Сақтауға жауапты адам (немесе оны алмастыратын қызметкер) болмаған жағдайда үй-жайға комиссиялы түрде (кемінде үш адам) анықтау органы, құқық қорғау және арнаулы органдардың тергеу бөлімшесі бастығының, прокурордың, сот төрағасының, судьяның, сот сараптамасы органы басшысының қатысуымен ғана кіру жүзеге асырылады, оларда осы үй-жай кілттерінің төлнұсқалары болуға тиіс.

Мұндай жағдайларда акт жасалады, онда сақтауға арналған үй-жайдан (қоймадан) неге байланысты және қандай объектілердің алынғаны немесе оған салынғаны көрсетіледі. Акт заттай дәлелдемелерді сақтау үшін жауапты адамға журналға не уәкілетті органның кеңсесіне тиісті деректерді енгізу үшін беріледі.

30. Заттай дәлелдемелерді, құндылықтарды, құжаттарды және өзге де мүлікті сақтау кезінде алынған объектілерде қылмыстық істер бойынша маңызы бар белгілер мен қасиеттердің, сондай-ақ олардағы іздердің сақталуын, сонымен қатар заттай дәлелдемелердің, құндылықтардың, құжаттардың және өзге де мүліктің өзінің сақталуын қамтамасыз ететін шаралар қабылданады.

Олардың бүлінуіне және дәлелдемелер ретінде одан әрі зерттеу және пайдалану мүмкіндігінен айыруға әкеп соқтыратын күйде заттай дәлелдемелерді сақтауға қоюға жол берілмейді. Қажет болған кезде алынған объектілерді оларды одан әрі сақтауға мүмкіндік беретіндей жағдайға келтіру жөнінде шаралар қолданылады.

31. Заттай дәлелдемелер, құндылықтар, құжаттар және өзге де мүлік, егер бұл іс үшін зиянсыз болса, жәбірленушілерге, сондай-ақ олардың келісімімен жақын туысқандарына не басқа адамдарға сақтауға берілуі мүмкін. Бұл ретте, жәбірленушілерге, олардың жақын туысқандарына және басқа адамдарға алынған мүлікті сақтау үшін жауапкершілік түсіндіріліп, ол туралы қолхат алынады.

32. Егер заттар өзінің өте үлкен болуына немесе өзге себептерге байланысты қылмыстық істің ішінде қоса сақталмайтын болса, олар ғылыми-техникалық

құралдармен түсіріліп, мүмкіндігінше мөрленуі және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам көрсеткен жерде сақталуы тиіс. Іске заттай дәлелдемелердің үлгісі қоса тіркелуі мүмкін. Заттай дәлелдеменің орналасқан жері туралы істе тиісті анықтама болуы тиіс.

33. Қамақтағы күдіктінің (айыпталушының, сотталушының) жеке басын куәландыратын құжаттар қылмыстық іске қоса тіркеледі және іске қоса тігілген және оның парағы болып нөмірленген жеке мөрленген пакетте сақталады.

Үкім заңды күшіне енгеннен кейін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның құжаттары жазаны өтеу мекемесіне жіберіледі. Басқа жағдайларда – иесіне қайтарылады, ол жөнінде қолхат алынады және іске қоса тіркеледі.

Құжаттарды иесіне қайтару мүмкін болмаған кезде, олар сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап алты ай өткен соң оларды берген органға жіберіледі.

Егер іс үшін маңызы болмаса, басқа жеке құжаттар иесіне немесе оның келісімімен туыстарына қайтарылады.

34. Заттай дәлелдемелер ретінде іске қоса тіркелген құжаттар, хаттар мен басқа да жазбалар таза қағаз парақтарының арасына салынған конверттерде сақталуға тиіс. Оларға қандай болсын белгілер, жазулар түсіруге және оларды бүктеуге жол берілмейді. Конверттер мөрленеді, істерге тігіледі және оның жеке парақтары болып нөмірленеді.

Қылмыстық іске қосылатын хаттар мен құжаттар саны көп болған кезде олар жеке томға (томдарға) тігіледі, оның титул парағында заттай дәлелдеме болып табылатыны туралы белгі қойылады. Томның басында құжаттардың тізімдемесі және бірінші парақ (парақтар) болып бұл құжаттарды заттай дәлелдемелер деп тану туралы қаулының көшірмесі тігіледі. Қажет болған кезде қаулыда томдардың және әрбір томдағы іс парақтарының жалпы саны көрсетіледі.

35. Ядролық және радиоактивті материалдарға, иондаушы сәуле көздеріне, улы және қатты әсер ететін заттарға жататын заттай дәлелдемелер мен алынған объектілер зерттеуден кейін рұқсат берілген және сақтау үшін тиісті жағдайлары бар ұйымдардың қоймаларына беріледі.

36. Сотқа дейінгі іс жүргізу және сот талқылауы барысында сақтауға алынған жаратын құрылғыларды, атыс қаруын, қару-жарақтарды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды зерттеулер жүргізілгеннен кейін сақтау құқық қорғау және арнаулы органдардың шаруашылық бөлімшелерінде, әскери бөлімшелердің немесе жергілікті атқарушы органдар белгілеген тиісті кәсіпорындардың (ұйымдардың) арнайы жабдықталған үй-жайларында, қоймаларында (сақтау қоймаларында) жүргізіледі.

Алынған атыс қаруы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Криминалдық қару" және "Тіркелген қару" біріктірілген дерекқорының есебі бойынша тексеріледі.

Егер алынған қарудың сәйкестендіру нөмірі болса және ол "Тіркелген қару" есебінде болмаса, онда қаруға "Криминалдық қару" ақпараттық-іздеу карточкасы

толтырылып, "Криминалдық қару" дерекқорына ақпаратты енгізу үшін өңірлік ақпараттық-техникалық қызмет бөлімшесіне жіберіледі.

Ұңғылы атыс ойық қаруын қолдануға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы барлық істер бойынша қылмыстық процесті жүргізетін орган алынған, қарап-тексерілген және тиісті зерттеулер жүргізілгеннен кейін қару іздері бар оқтарды, гильзаларды, патрондар мен басқа да оқ-дәрілерді және қарудың өзін қару-жарақ айналымын бақылау саласындағы уәкілетті органның оқ-гильзотекасына есепке қою үшін жібереді.

37. Алынған өнер туындылары, антиквариат, сондай-ақ мәдени құндылығы бар объектілер зерттеулер жүргізілгеннен кейін мұражайларға беріледі.

38. Заттай дәлелдемелер болып танылған машиналарды, мотоциклдерді және өзге де көлік құралдарын (оның ішінде суда жүзетін және ұшатын аппараттар), сондай-ақ тыйым салынған көлік құралдарын сақтау (егер оларды иесіне, оның туыстарына немесе басқа тұлғаларға беру мүмкін болмаса) жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылатын және коммуналдық меншік болып табылатын арнаулы күзетілетін үй-жайларда, алаңдарда немесе тұрақтарда жүргізіледі.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган жүгінген кезде жергілікті атқарушы орган үш жұмыс күні ішінде шешім шығарады, онда көлік құралдарын сақтау шарттары көрсетіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін орган көлік құралын сақтауға беру кезінде хаттама жасайды, онда жергілікті атқарушы органның тиісті шешімінің нөмірі, күні көрсетіледі. Сақтау үшін жауапты адамдар іске қоса тіркелетін қабылданған көлік құралының сақталуын қамтамасыз ету туралы қолхат береді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін орган уәкілетті органға көлік құралын иеліктен шығаруға шектеу қою туралы тапсырма жібереді. Шектеу іс бойынша қорытынды шешім қабылданғаннан кейін не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысы бойынша алынады.

Көлік құралын алу, сондай-ақ сақтауға беру кезінде оның техникалық жай-күйі туралы акт иесінің (болған кезде), жол-патруль қызметі қызметкерінің және маманның қатысуымен жасалады.

39. Қылмыстық процесті жүргізетін органдар алған асыл металдардан, асыл тастар мен інжуден жасалған зергерлік және тұрмыстық бұйымдар, органогенді құрылған асыл тастар, жартылай асыл тастар, қолөнер зергерлік бұйымдары, асыл металдардан жасалған және құрамында асыл металдар бар тиындар, осы бұйымдардың сынығы, тазартылған асыл металдар мен шетелдік валюта, сондай-ақ құймалардағы, ұнтақтағы, кесектердегі, сынықтағы, жартылай фабрикалардағы, өндірістік немесе зертханалық мақсаттағы бұйымдардағы, алмастардағы айналымнан алынып тасталған асыл металдар

(алтын, күміс, платина және платина тобының басқа да металдары) және өзге табиғи асыл тастар олардың заттай дәлелдемелер болып танылғанына не танылмағанына қарамастан, осы Қағидаларда көзделген тәртіппен міндетті түрде тіркелуге тиіс.

Тіркелген кезден бастап үш күн мерзімнен кешіктірілмей немесе тиісті зерттеулер жүргізілгеннен кейін олар журналдан тіркеу нөмірі беріліп қапталған және мөрленген түрінде сақтау камерасына тапсырылады. Қылмыстық процесті жүргізетін органның сақтау мүмкіндігі болмаған кезде олар тізімдемемен бірге екінші деңгейдегі банкке уақытша сақтауға тапсырылады. Ілеспе хатта жіберіліп отырған құндылықтардың оларды сақтауға жіберген (тапсырған) органның жеке өкіміне дейін сақталуға тиіс екендігі ескертілуге тиіс.

40. Ұлттық және шетелдік валютадағы ақша, төлем құжаттары мен құжаттық эмиссиялық емес бағалы қағаздар (оның ішінде заттай дәлелдемелер болып танылмаған және арнайы зерттелуге жатпайтын) мынадай тәртіппен сақталады:

Қазақстан Республикасының аумағында заңды төлем құралы болып табылатын, номиналды құны (номинал) бар банкноталар мен тиындар түріндегі ақшалай валютадағы ақша алып қоюды жүргізген қылмыстық процесті жүргізетін органның ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына (депозитіне) салынады;

2) төлем құжаттары, құжаттық эмиссиялық емес бағалы қағаздар, лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар, сондай-ақ төлем карточкалары және ақшаны уақытша орналастыруың қолма-қол ақшаны бақылау шотын ашу мүмкіндігі жоқ шетел валютасы – олардың тиісті сақталуы қамтамасыз етілген жағдайда, оларды алып қоюды жүргізген қылмыстық процесті жүргізетін органның сақтау камерасында сақталады не екінші деңгейдегі банктің ең жақын мекемесіне тапсырылады;

шетелдік валютадағы ақша алып қоюды жүргізген қылмыстық процесті жүргізетін органның шетелдік валютадағы шотына салынады.

Ескерту. 40-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 11.08.2016 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

41. Егер ұлттық және шетелдік валютадағы ақшада қылмыстық құқық бұзушылық іздері сақталса, міндетті түрде екі данада банкноталардың нөмірлері мен сериялары бойынша тізбесі жасалады, біреуі валютамен бірге сақтау камерасына тапсырылады, екіншісі – іске қоса тігіледі.

Банк шоттарында ақшаның болуы туралы құжаттарды алумен бір мезгілде қылмыстық процесті жүргізетін органдар тиісті екінші деңгейдегі банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға мүлікке тыйым салу туралы сот актілерін жібереді. Тыйым салу туралы сот актісінде іс жүргізудегі қылмыстық істің, заңда көзделген жағдайларда, қылмыстық іспен бірге қаралатын мүлікті тәркілеу туралы істің нөмірі көрсетіледі.

Шоттарында шетелдік мемлекеттердің ақшалай бірліктерінде және халықаралық есептік бірліктерде қаражаттың болуы туралы банктік құжаттардың алынуы туралы Қазақстанның аумағынан тыс жердегі шетелдік банк мекемелеріне және Қазақстанның аумағынан тыс басқа да кредиттік-қаржылық мекемелерге хабарлау тәртібі тиісті халықаралық келісімдерде айқындалады.

42. Құпия сипаттағы деректері бар алынған құжаттар, сызбалар, фототүсірілімдер мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшелер арқылы тиесілігі бойынша ұйымдар мен мекемелерде құпия құжаттармен айналысатын бөлімдерге жіберіледі.

43. Радиотарату қондырғыларын заңсыз дайындауға және пайдалануға байланысты қылмыстық істерді тергеп-тексеру кезінде бүкіл пайдаланылған аппаратура, бөлшектер мен жиынтықтаушы бұйымдар алынады, олардың сақталуын істі жүргізетін орган қамтамасыз етеді.

44. Сот сараптамасы жүргізілетін кезеңде заттай дәлелдемелерді, есірткіні, психотроптық заттарды, прекурсорлар мен олардың аналогтарын, улы заттарды сақтауды сот сараптамасы органы жүргізеді.

Сараптамалық зерттеуден кейін заттай дәлелдемелер, есірткінің, психотроптық заттың және олардың аналогтарының іріктеп алынған үлгілері істі тоқтату туралы шешім қабылданғанға дейін немесе сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін қылмыстық процесті жүргізетін органның заттай дәлелдемелерді сақтауға арналған үй-жайында мөрленген түрінде сақталады.

45. Биологиялық тектегі объектілер, оның ішінде микроскопиялық немесе химиялық зерттеуге жататын, тез бүлінуге ұшырайтын объектілер герметикалық тығыз жабылған ыдыстарға салынуға тиіс. Мұндай объектілерді (оның ішінде мәйіттің одан әрі зерттеуді қажет ететін бөлшектерін) буып-түюді сот-сараптама мекемелерінің қызметкерлері жүргізеді.

Сақталуы арнайы жағдайларды талап ететін биологиялық объектілерді сараптамалық зерттеу аяқталған кезде ол сот сараптамасы мекемелерінде жүзеге асырылады.

46. Тез бұзылатын, арнайы сақтау жағдайларын талап ететін заттай дәлелдемелер алынып, тексеріліп қаралып, зерттеліп және олардың сапасын тауарлар сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекция органдары (немесе санитариялық қадағалау органдары) тексергеннен кейін, егер иесіне қайтару мүмкін болмаса, дереу мақсаты бойынша пайдалану не судьяның (соттың) қаулысы бойынша алынған соманы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына (депозитіне) сала отырып, сату үшін жергілікті атқарушы орган айқындайтын тиісті ұйымдарға тапсырылады.

47. Егер сақталуы қомақты материалдық шығындарды талап ететін заттай дәлелдемелерді иесіне қайтару мүмкін болмаса не олардың иесі анықталмаған жағдайда судьяның (соттың) қаулысы бойынша олар Қазақстан Республикасының

заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізіледі, алынған сома сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына (депозитіне) салынады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.04.2020 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

47-1. Пайдаланылған немесе өткізілген заттай дәлелдемелер негіздер болған кезде иесіне түрі мен сапасы дәл сондай заттармен өтеледі немесе соңғысына сот шешімі бойынша мемлекеттік бюджет есебінен олардың құны төленеді.

Ескерту. Қағида 47-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 06.04.2020 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

48. Заттай дәлелдемелер ретінде алынған ауыл шаруашылығы жануарлары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның шешіміне дейін жәбірленуші адамдарға, ал олар болмаған жағдайда – жергілікті атқарушы орган айқындайтын мал шаруашылығы кәсіпорындарына (ұйымдарына) тиісті хаттама жасалып беріледі немесе судьяның (соттың) қаулысы бойынша алынған соманы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына (депозитіне) сала отырып сатылады.

49. Алынған спирттік ішімдіктер тиісті тексеріп қарау, қажетті сараптамалар жүргізілгеннен кейін, егер қолдануға жарамды болса, судьяның (соттың) қаулысы бойынша алынған соманы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына (депозитіне) сала отырып сатылады, ал үлгілер (сынамалар) заттай дәлелдемелер ретінде қылмыстық іске қоса тіркеледі.

50. Алынған мұнай және мұнай өнімдері тиісті тексеріп қарау, қажетті сараптамалар жүргізілгеннен кейін судьяның (соттың) қаулысы бойынша алынған соманы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына (депозитіне) сала отырып сатылады, ал үлгілер (сынамалар) заттай дәлелдемелер ретінде қылмыстық іске қоса тіркеледі.

51. Осы Қағидалардың 46-50-тармақтарында көзделген жекелеген заттай дәлелдемелерді сақтауды, пайдалануды, сатуды ұйымдастыру үшін сотқа дейінгі процесті жүргізетін орган жергілікті атқарушы органға жүгінеді, ол үш жұмыс күні ішінде өз шешімімен тиісті кәсіпорынды (ұйымды), ал тауарды сатқан жағдайда – шешім шығарылған кездегі сәтінде орташа нарықтық бағасын негізге алып, құнын белгілейді.

Тауарды кәсіпорынға (ұйымға) дейін тасымалдауды жергілікті атқарушы орган қамтамасыз етеді.

Бұл ретте, егер құқық қорғау және арнаулы органдардың қызметкерлеріне сатылатын тауарлар мен азық-түліктер қылмыстық іске байланысты алынғандығы алдын ала белгілі болса, оларға заттай дәлелдемелерді және басқа алынған заттар мен құндылықтарды сатуға қатысуға жол берілмейді.

52. Жергілікті атқарушы орган айқындаған тиісті кәсіпорынға (ұйымға) заттай дәлелдемелердің сату үшін тапсырылғаны туралы хаттама үш данада жасалады.

Хаттаманың бірінші данасы мен олардың толық тізімдемесі қылмыстық іске қоса тіркеледі.

Екінші данасы заттай дәлелдемелерді қабылдаған кәсіпорынға (ұйымға) беріледі.

Үшінші данасы сатудан алынған сомалар ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына (депозитке) түскеннен кейін бақылау үшін сотқа дейінгі процесті жүргізетін органның қаржы бөлімшесіне беріледі.

53. Тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелер осы Қағидалардың 35, 36 және 45-тармақтарында көрсетілгендерді қоспағанда, сақталуын және одан әрі пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін буып-түйілген және мөрленген түрінде қолданыстағы істер бойынша заттай дәлелдемелерден бөлек, оларды тергеп-тексеретін жерлерде сақталады. Осындай объектілері бар әрбір пакет қылмыстық істің нөмірі, оның фабуласы мен сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталған күні, қаптамадағы объектінің атауы көрсетілген түсіндірме жазбамен жабдықталады.

Сақтау шарттары осы Қағидаларда айқындалған объектілер санаттарына қолданылатындай болып таңдалады.

Арнайы сақтау жағдайларын қажет ететін тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істер бойынша биологиялық объектілер сот сараптамасы мекемелерінің мұрағаттарында болады. Қылмыстық процесті жүргізетін органның тиісті мекеме басшысына жолданатын хаты мұрағатқа орналастыруға негіз болып табылады.

54. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген кезде заттай дәлелдемелерді, құндылықтарды және осы іс бойынша алынған өзге де мүлікті сақтау орны айқындалады. Ықтимал тәркілеу мақсатында тыйым салынған мүлік алынған сомаларды істі жүргізіп жатқан органның ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына (депозитіне) енгізе отырып, сараптамалық бағалаудан кейін судьяның (соттың) қаулысы бойынша сатылуы мүмкін.

55. Заттай дәлелдемелерді қызметтік немесе өзге де мақсаттарға пайдалануға жол берілмейді.

56. Іс бойынша заттай дәлелдемелер сақталатын орын айыптау актісіне қоса берілетін анықтамада олардың сақтауға өткізілгендігін растайтын құжаттар тігілген істің тиісті парағына сілтеме жасалып көрсетіледі.

57. Заттай дәлелдемелерді сақтауға және жіберуге байланысты шығыстар ҚПК-нің 177-бабына сәйкес процестік шығындарға қосылады.

5-тарау. Заттай дәлелдемелерді беру тәртібі

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2022 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

58. Қылмыстық іске қоса тіркелген заттай дәлелдемелер сотқа дейінгі іс жүргізу аяқталғаннан және іс сотқа жіберілгеннен кейін істі басқа органға беру кезінде қылмыстық іспен бір мезгілде беріледі. Бұл туралы әрбір берілетін объектіге қатысты кітапта немесе журналда тиісті жазу жүргізіледі.

Заттай дәлелдемелерді және іс бойынша алынған заттай дәлелдемелер болып танылмаған ақшаны, нәрселер мен басқа да құндылықтарды беру кезінде қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелік маңызына негіз болған белгілері мен қасиеттерінің сақталуын, сондай-ақ олардағы іздердің, демек заттай дәлелдемелердің, құндылықтардың, құжаттар мен өзге де мүліктің өздерінің сақталуын қамтамасыз ететін шаралар қабылданады.

59. Қылмыстық істен бөлек сақталатын заттай дәлелдемелер қылмыстық іс жіберілген органда деп есептеледі, кітапта немесе журналда және қылмыстық іс бойынша анықтама парақта олардың орналасқан жері туралы белгі жасалады.

60. Қылмыстық іс заттай дәлелдемелермен бірге жіберілетін соттың, органның кеңсе қызметкері бұл объектілерді қабылдай отырып, қаптаманың және ондағы мөрлердің бүтіндігін (сақталуын) тексереді.

Қаптама немесе мөр бүлінген кезде сот кеңсесінің қызметкері сот төрағасының (судьяның), істі және заттай дәлелдемелерді жеткізген адамның, қылмыстық қудалау органының қатысуымен қаптаманы ашады және ондағы бар заттарды айыптау актісіне анықтамадағы заттай дәлелдемелер туралы жазбамен, заттай дәлелдемелерді іске қосу жөніндегі қаулымен және ілеспе жазбамен салыстырады.

61. Егер заттай дәлелдемелердің болуы айыптау актісіне анықтамадағы және заттай дәлелдемелерді іске қосу туралы қаулыдағы жазуға сәйкес келсе, олар қаптамаға салынады және мөрленеді. Жүргізілген қаптаманың ашылғаны туралы акт жасалады және осы әрекетке қатысқан адамдар қол қояды, ол іске тігіледі.

Бұзылған қаптаманы немесе мөрді ашу кезінде ондағы заттай дәлелдемелердің нақты болуының сәйкес келмейтіні анықталған жағдайларда, мүдделі ведомстволардың лауазымды тұлғалары сәйкес келмеудің себептерін анықтағанға дейін іс қабылданбайды.

Анықталған кемшіліктер туралы заттай дәлелдемелер келіп түскен күні акт жасалады, оған сот төрағасы (судья), прокурор, құқық қорғау немесе арнаулы органның (осы органдардың тергеу бөлімшелерінің бастықтары), сот сараптамасы органының басшысы, кеңсе қызметкері және істі жеткізген адам қол қояды.

Акт көшірмесі дереу істі жолдаған органға жөнелтіледі.

62. Басқа әкімшілік бірліктің аумағына заттай дәлелдемелер пошта байланысымен жіберіледі.

Заттай дәлелдемелер поштамен келіп түскен жағдайда, судья, прокурор, қылмыстық қудалау, сот сараптамасы органының басшысы комиссия құрады, қаптаманы ашады және акт жасайды. Актінің данасы заттай дәлелдемелер жіберген органға жөнелтіледі.

Пошта жөнелтілімдерімен қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен пиротехникалық құрамдарды, жарғыш құрылғылар мен жару құралдарын, жеңіл тұтанатын және жанғыш заттарды, есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды, қатты әсер ететін, уытты және улы заттарды, радиоактивті заттарды, ядролық материалдар мен басқа да қауіпті заттарды жіберуге тыйым салынады.

Көрсетілген заттардың қауіпсіз тасымалдануын қылмыстық процесті жүргізуші орган қамтамасыз етеді.

63. Сараптама жүргізу үшін заттай дәлелдемелерді сараптама тағайындаған тұлға не сараптама тағайындаған органның уәкілетті өкілі қолма қол ұсынады не олар пошта байланысымен ұсынылады.

64. Заттай дәлелдемелер мен құжаттарды сараптама жүргізу үшін қабылдауды сот сараптамасы органы құрылымдық бөлімшесінің басшысы айқындайтын адам жүзеге асырады.

Қабылдауға жауапты адам кеңсе қызметкерімен және сараптама тағайындаған адаммен бірлесіп, сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда көрсетілген объектілер тізбесіне сәйкессіздік анықталған жағдайда, бұзушылықтар туралы мәліметтерді қамтитын акт жасайды, оның көшірмесі дереу сараптама объектісін ұсынған адамға тікелей тапсырылады.

Кеңсе қызметкері заттай дәлелдемелер мен құжаттарды оларды сақтауға арналған үй-жайға орналастырады, бұл туралы журналда белгі жасалады.

Зерттеуге ұсынылған қару, оқ-дәрілер, жару құрылғылары, жарылғыш, улы, психотроптық заттар, прекурсорлар, есірткі құралдары мен олардың аналогтары, аудио және бейнекассеталар, цифрлық ақпараты бар дискілі жинақтағыштар, сондай-ақ оның көмегімен зерттеу объектілері әзірленген не оларды зерттеуге болатын объектілер (фотоаппараттар, бейнекамералар, бейне немесе аудиоплеерлер, магнитофондар, диктофондар); арнайы техникалық құралдар (жасырын бейнебақылау құрылғысы және аудиожазбалар); цифрлық жабдық; бағалы металдардан (осы бұйымдардың сынықтарынан), асыл тастар мен інжуден жасалған бұйымдар, сондай-ақ зергерлік қолөнер бұйымдары, банкноталар және монеталар түріндегі қолма-қол ақша сараптама жүргізу тапсырылған сарапшыға беріледі.

65. Зерттеу кезеңінде заттай дәлелдемелер мен құжаттар сараптама жүргізу тапсырылған сарапшыда сақталады.

66. Сараптама аяқталғаннан кейін сарапшының қорытындысы, сондай-ақ осы Қағидалардың 64-тармағында көрсетілген басқа құжаттар мен заттай дәлелдемелер кеңсеге беріледі.

Кеңсе қызметкері заттай дәлелдемелер мен құжаттарды оларды сақтауға арналған үй-жайға орналастырады, бұл туралы журналда белгі жасалады.

67. Сараптаманың аяқталғаны туралы сараптама тағайындаған адамға (органға) дереу хабарланады, ол заттай дәлелдемелермен және құжаттармен бірге сарапшының қорытындысын он күн мерзімде алуға тиіс.

68. Сарапшының қорытындысы, заттай дәлелдемелер мен құжаттар сараптама тағайындаған тұлғаға не сараптама тағайындаған органның уәкілетті өкіліне беріледі не поштамен сараптама тағайындаған тұлғаға хабарлай отырып жіберіледі.

69. Иесіне қайтарылуға жататын заттай дәлелдемелер мен өзге мүлік қолхат арқылы заттай қайтарылады, қолхат қылмыстық іске тігіледі және оның келесі беті ретінде нөмірленеді. Мүдделі адамдарға олардан алынған заттар мен құндылықтарды алу мүмкіндігі туралы хабарланады, хабарламаның көшірмесі қылмыстық іске тігіледі. Қолхатта алушы жеке басын куәландыратын құжатының мәліметтерін, тұратын жерін көрсетеді. Иесінің өзі келе алмайтын жағдайда, оларды оның заңды өкілі немесе оның сенімхаты бойынша басқа адам ала алады, оның қолхаты іске қосылады. Егер заттың иесі ұйым болып табылса, заттар мен құндылықтар олардың өкілдеріне сенімхат және олардың жеке бастарын куәландыратын құжат болған кезде беріледі.

70. Жекелеген жағдайларда қылмыстық процесті жүргізетін орган, егер бұл істі дұрыс шешуге кедергі болмайды деп танылса, алынған заттарды иелеріне іс бойынша шешім қабылданғанға дейін де қайтарып бере алады.

71. Қылмыстық істі сотқа жолдаған кезде іспен бірге заттай дәлелдемелерді қабылдайтын жергілікті және басқа да соттарды ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің маманы өз лауазымын, тегін анық көрсете отырып, беруші органның ілеспе хатының екінші данасына қол қояды, қойылған қолды тиісті мекеменің мөртаңбасымен куәландырады.

72. Заттарды, нәрселерді, оның ішінде айыпталушылардың киімін, сағаттарын, ақшасын және белгіленген тәртіппен заттай дәлелдемелер болып танылмаған басқа объектілерді соттар қабылдамайды.

73. Істі тоқтату туралы үкім, қаулы шығарылғаннан кейін кітапта немесе журналда шешімнің мазмұны мен шығарылған күні көрсетіліп заттай дәлелдемелер мен өзге мүлікке қатысты осы шешім туралы белгі қойылады.

74. Заттай дәлелдемелерге қатысты шешім сот актісі заңды күшіне енгеннен немесе істі тоқтату туралы қаулыға шағымдану мерзімі аяқталғаннан кейін орындалады.

75. Қылмыстық істі тоқтату туралы сот актісінде, қаулыда заттай дәлелдемелердің, тыйым салынған мүліктің тағдыры туралы мәселе шешілуге тиіс.

76. Егер заттай дәлелдемелер және өзге мүлік арнайы сақтауда болса, шешім қабылдаған орган сот актісінің, қаулының осы объектілердің келешектегі тағдыры туралы жазылған көшірмесін немесе одан үзіндіні олардың сақталу орны бойынша жібереді. Осындай үзінді тыйым салынған мүлікке қатысты шектелуі тіркелген мемлекеттік және өзге де тіркеу органдарына жіберіледі. Қабылданған шешім заттай дәлелдемелер сақталуда жатқан мекемелердің басшылары үшін міндетті болып табылады.

77. Оларға қатысты істер сотқа дейінгі сатыда тоқтатылған немесе сот ақтау үкімін шығарған адамдардан алынған заттай дәлелдемелер иелеріне немесе олардың заңды өкілдеріне тиісінше хабарланған күнінен бастап үш жыл ішінде қайтарылады. Мүлік пен құндылықтарды заттай қайтару мүмкін болмаған жағдайда, олардың құны ақшалай баламамен өтеледі. Үш жыл өткеннен кейін талап етілмеген мүлік пен құндылықтар заңда белгіленген тәртіппен мемлекет кірісіне алынады.

78. Иесінің немесе оның заңды өкілінің тұратын жері анықталмаған кезде қылмыстық іс тоқтатылған, сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл өткен соң талап етілмеген заттай дәлелдемелер заңда белгіленген тәртіппен мемлекет кірісіне алынады, ал құндылығы жоқтар жойылады.

79. Мекемелерде, ұйымдарда сақтауда жатқан, сот тәркілеген заттай дәлелдемелерді сату бөлігінде, сондай-ақ ақша мен құндылықтарды мемлекет кірісіне аудару, салымдар мен өзге де жинақ түрлерін тәркілеу бөлігінде сот актісін орындауға енгізу үшін атқару парағы жазылады, ол аумағы бойынша орындату үшін сот орындаушысына жіберіледі, ілеспе хаттың көшірмесі іске тігіледі. Журналда атқару парағының кімге және қашан жіберілгені көрсетіледі.

80. Егер сатуға жататын заттай дәлелдемелер шешім шығарған сотта болса, сот отырысының хатшысы ілеспе хатпен атқару парағын сот орындаушысына жібереді. Ілеспе хат іске тігіледі және оның келесі беті болып нөмірленеді. Журналда атқару парағының кімге және қашан жіберілгені көрсетіледі.

Заттай дәлелдемелер сот орындаушысына берілгеннен кейін журналда заттай дәлелдемелердің сот орындаушысына берілгені туралы тиісті жазба енгізіледі.

81. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалануды сот орындаушысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану ережесіне сәйкес жүргізеді.

82. Сот актісі бойынша тиісті құқық қорғау және арнаулы органдарға беруге жататын заттай дәлелдемелер ол жаққа қолмен апарылып берілуі немесе поштамен жіберілуі тиіс. Улы, қатты әсер ететін, жарылғыш заттарды, қаруды тасымалдау кезінде оларды тасымалдау үшін белгіленген қағидалар сақталуы тиіс. Ілеспе хаттың көшірмесі және мекеменің заттай дәлелдемелерді қабылдауы туралы құжат іске тігіледі.

83. Құндылықтарды, валютаны, бағалы қағаздар мен тәркілеуге жатпайтын басқа да нәрселерді қайтару туралы заңды күшіне енген сот шешімі болған кезде иесіне немесе сенім білдірілген адамға қабылданған шешім туралы дереу жарияланады. Керісінше болған жағдайда, олар заңда белгіленген тәртіппен және мерзімде мемлекет кірісіне алынады. Мүлікке тыйым салуды алып тастау заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

84. Қамақтан босатылған немесе ісі тоқтатылған жағдайда, ақтау үкімі шығарылған кезде иелеріне олардың барлық жеке құжаттары қолхатпен қайтарылады.

6-тарау. Заттай дәлелдемелерді жою тәртібі

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2022 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

85. Заттай дәлелдемелерді жою комиссиялы түрде жүргізіледі.

Қылмыстық қудалау органдарында олардың ведомстволарының, аумақтық және өзге де органдарының бірінші басшысының бұйрығы бойынша құрамына тергеу (анықтау) бөлімшесінің басшысы не оны алмастыратын адам, істі жүргізген қызметкер, кеңсе қызметкері, заттай дәлелдемелерді сақтауға жауапты адам, қажет кезде қару-жарақ қоймасының меңгерушісі, денсаулық сақтау, экология органдарының өкілдері, сот орындаушылары немесе басқа да мамандар кіретін комиссия құрылады. Қылмыстық қудалау органының басшысы орынбасарларының бірі комиссия төрағасы болып тағайындалады, ол комиссияны шақыруды және оның жұмысын ұйымдастырады.

Комиссияның шақырылуы және жұмысы қылмыстық қудалау органының бірінші басшысы бекіткен кестеге сәйкес айына кемінде үш рет (он күндік сайын) жүзеге асырылады.

Комиссияның бір мүшесі келмеген жағдайда төраға заттай дәлелдемелерді жою үшін басқа күн, бірақ бастапқы белгіленген мерзімнен үш күннен кешіктірмей белгілейді. Оның осы мерзімде келу мүмкіндігі болмаған жағдайда, сол ведомствоның басқа қызметкерімен алмастыру жүргізіледі.

Заңды күшіне енген сот үкімі бойынша комиссияның құрамына сот орындаушысы енгізіледі. Істі жүргізген қызметкер болмаған жағдайда, комиссияның құрамына органның басшысы не оның орынбасары енуі мүмкін.

Заттай дәлелдемелер сотта болған жағдайларда, оларды жою төрағалық етуші судьяның, заттай дәлелдемелерді сақтауға жауапты маманның, сот орындаушысының құрамында жүргізіледі.

86. Прокурормен келісілген, заңды күшіне енген сот актісі немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның қаулысы есірткінің, психотроптық заттардың,

прекурсорлар мен олардың аналогтарының, сондай-ақ улы заттардың үлгілерін жоюға негіз болып табылады.

Есірткіні, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын жою алдында комиссия ол болған қаптаманың (пакеттің) бүтіндігін, тиісті қолдардың, мөрлердің, жазулардың болуын тексереді, оның даралық белгілерін көрсететін тізімдеме деректемелерінің мәліметтерін жоюға негіздеме болған құжатпен салыстырады.

Қандай да бір сәйкессіздік анықталған жағдайда комиссияның барлық мүшелері қол қоятын акт жасалады және қылмыстық қудалау органының басшысы мен қадағалаушы прокурорға дереу баяндалады. Сәйкессіздіктің анықталу фактісі бойынша қызметтік тергеп-тексеру жүргізіледі, оның қорытындысы бекітілгеннен кейін есірткіні, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын жою жүргізіледі.

Жою рәсімі фото және бейнетүсіріліммен тіркеліп, түсірілген материалдарды қылмыстық іске қоса тіркелуі қажет.

87. Есірткі мен психотроптық заттарды, прекурсорлар мен олардың аналогтарын жою, үлгілер іріктелгеннен кейін жетпіс екі сағаттан кешіктірілмей шығарылатын, прокурормен келісілген қылмыстық қудалау органы қаулысының негізінде өртеу арқылы жүргізіледі.

Есірткіні, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын жою прокурор оларды жою туралы қаулыға келісім бергеннен кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Әрбір қылмыстық іс бойынша есірткіні, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын жою туралы екі данада акт жасалады, оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Актінің бір данасы жойылған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей іс материалдарына қосу үшін, екіншісі – сақтау үшін жауапты адамға жіберіледі.

Заңсыз айналымнан алынған есірткіні немесе психотроптық заттар мен олардың аналогтарын бақыланатын жеткізуді немесе өзге де жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде пайдалану қажет болған жағдайда, осындайлар аяқталғанға дейін прокурормен келісілген қылмыстық қудалау органының дәлелді қаулысының негізінде оларды жою жүргізілмейді.

88. Заттай дәлелдеме болып табылатын қаруды (бұдан әрі – қару) жою комиссиялы түрде жүргізіледі.

Қылмыстық істі тоқтату туралы сот актісі не қылмыстық қудалау органының қаулысы қаруды жоюға негіз болып табылады.

Қаруды жою оны пайдалануға жарамсыз күйге келтіру арқылы жүргізіледі, кейіннен өнеркәсіптік кәсіпорындарда балқытылады.

Қаруды пайдалануға жарамсыз күйге келтіру прокурормен келісілген істі тоқтату туралы сот актісі, шешім заңды күшіне енгеннен кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Қарудың таңбалануын (сериясы, нөмірі, калибрі, шығарылған жылы және т.б.) қалдырып, қару деформациялау немесе бөлшектеу арқылы пайдалануға жарамсыз күйге келтіріледі. Пайдалануға жарамсыз күйге келтіру рәсімі актімен ресімделеді, оған қарудың моделі, қысқаша сипаттамасы, сериясы, нөмірі, калибрі, шығарылған жылы, айырым белгілері көрсетілген нөмірлі ведомость қоса тіркеледі.

Екі данадағы актіге барлық комиссия мүшелері және осы әрекетке қатысушылар қол қояды. Актінің бір данасы жойылған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей іс материалдарына қосу үшін, екіншісі – сақтау үшін жауапты адамға жіберіледі.

89. Пайдалануға жарамсыз күйге келтірілген қару прокурормен келісілген істі тоқтату туралы сот актісі, шешім заңды күшіне енген күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде өнеркәсіптік кәсіпорындарда балқыту жолымен жойылады.

Қылмыстық қудалау органы жойылатын қаруды өнеркәсіптік кәсіпорынға жеткізу кезінде қауіпсіз тасымалдануын қамтамасыз етеді.

Пайдалануға жарамсыз күйге келтіру және жою алдында комиссия қарудың әр бірлігін, оның даралық белгілерін көрсететін тізімдеме деректемелерінің мәліметтерін жоюға негіздеме болған құжаттармен, нөмірлі ведомоспен салыстырады.

Сәйкессіздік анықталған кезде акт жасалады, оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Сәйкессіздіктің анықталу фактісі бойынша қылмыстық қудалау органының басшысы мен қадағалаушы прокурорға дереу баяндалады, қызметтік тергеп-тексеру жүргізіледі.

Қаруды жою туралы акт екі данада жасалады, оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Актінің бір данасы жойылған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей іс материалдарына қосу үшін, екіншісі – сақтау үшін жауапты адамға жіберіледі.

Пайдалануға жарамсыз күйге келтіру және қаруды үлкен партиясын жою рәсімі фото және бейнетүсіріліммен тіркеліп, түсірілген материалдар жою актісіне қоса тіркелуі қажет.

Қаруды жарамсыз күйге келтіру, қаруды жою актілері бейнетүсірілім материалдарымен бірге заттай дәлелдемелерді сақтауға жауапты адамда сақталады, сақтау мерзімі – бес жыл.

90. Улы заттар мен қатты әсер ететін құралдарды жою әскери ведомство, денсаулық сақтау және басқа да арнаулы мемлекеттік органдар өкілінің, заттай дәлелдеме сақтауында тұрған жауапты адамның, кеңсе қызметкерінің және сот орындаушысының қатысуымен жүргізіледі.

Жою туралы акт екі данада жасалады, актінің бір данасы жойылған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей іс материалдарына қосу үшін, екіншісі – сақтау үшін жауапты адамға жіберіледі.

91. Контрафактілі өнімді жою әділет және қоршаған ортаны қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен термиялық, химиялық, механикалық не өзге де әсер ету жолдарымен жүргізіледі. Жою тәсілін қылмыстық процесті жүргізетін орган денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау органдарымен келісім бойынша айқындайды.

Жою туралы акт екі данада жасалады, актінің бір данасы жойылған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей іс материалдарына қосу үшін, екіншісі – сақтау үшін жауапты адамға жіберіледі.

92. Ядролық және радиоактивті материалдар, иондаушы сәулелену көздері болып табылатын заттай дәлелдемелерді жою (көму), пайдалану атом энергиясын пайдалану, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша қылмыстық процесті жүргізетін органның шешіміне сәйкес жүргізіледі.

Жою туралы акт екі данада жасалады, актінің бір данасы жойылған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей іс материалдарына қосу үшін, екіншісі – сақтау үшін жауапты адамға жіберіледі.

93. Пайдалануға және сатуға жарамсыз деп танылған жағдайда, тауарлар немесе алкоголь өнімдері жойылады немесе судьяның (соттың) қаулысы бойынша оларды технологиялық қайта өңдеу үшін (тиісті зерттеулерден кейін) ұқсас өнімді өндіруші кәсіпорындарға беріледі.

94. Егер жоюға немесе иесіне беруге жататын заттай дәлелдеме құқық қорғау және арнаулы органдарда болса, сот осы органдарға үкімнің көшірмесін немесе үзіндісін жібереді. Ілеспе хатта оның заңды күшіне енетін күні көрсетіледі. Заттай дәлелдемелерді жою немесе иесіне қайтару туралы хабарлама сотқа жойылған немесе қайтарылған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

Соттың, прокуратура, қылмыстық
қудалау және сот
сараптамасы органдарының
қылмыстық істер бойынша
заттай дәлелдемелерді, алып қойылған
құжаттарды,
ұлттық және шетелдік валютадағы
ақшаны, есірткіні,
психотроптық заттарды алып қою,
есепке алу, сақтау,
беру және жою қағидаларына
1-қосымша

Қылмыстық процесті жүргізетін орган алып қоятын немесе алған заттай дәлелдемелерді, құжаттарды есепке алу кітабы

		Даралайт ы н белгілері		Заттай дәлелдем елер мен істер					
--	--	------------------------------	--	---	--	--	--	--	--

P/c №	Қылмыстық істің № айыпталушының, күдіктінің Т.А.Ә.	көрсетілген заттай дәлелдемелердің және істер бойынша алып қойылған заттай дәлелдемелер деп танылмаған басқа да ақшалар мен құндылықтардың атауы	Объектіні заттай дәлелдемелер деп тану туралы шешім қабылдаған адам	бойынша алып қойылған заттай дәлелдемелер деп танылмаған басқа да ақшалар мен құндылықтарды нақты сақтау орны, оны сақтауға жауапты адамның Т.А.Ә.	Заттай дәлелдемелерді сату туралы шешім қабылдаған соттың атауы және күні	Сату не одан әрі сақтау немесе тиесілігі бойынша қайтару үшін қашан және кімге берілді	Қорытынды шешім туралы ақпарат (күні, шешім қабылдаған орган және т.б.)	Орындалуы туралы мәліметтер (жойылуы, актінің №, күні және т.б.)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидаларына
2-қосымша

Сақтау камерасындағы заттай дәлелдемелерді және істер бойынша алып қойылған заттай дәлелдемелер деп танылмаған басқа да ақша мен құндылықтарды есепке алу журналы

P/c №	Сақтауға келіп түскен күн, қылмыстық істің №	Даралайтын белгілері көрсетілген, заттай дәлелдемелердің атауы. Заттай дәлелдемелерді Есепке алу	Объектіні заттай дәлелдемелер деп тану туралы шешім (күні) қабылдаған және сақтауға тапсырған	Заттай дәлелдемелер қандай құжаттың негізінде, кімге, қашан берілді	Заттай дәлелдемелерді сақтау камерасына қайтарған адамның Т.А.Ә. және күні	Заттай дәлелдемелерді сату туралы шешімді қабылдаған соттың	Сату не тиесілігі сақтау немесе одан әрі бойынша қайтару үшін қашан	Қорытынды шешім туралы ақпарат (күні, шешім қабылдаған	Орындалуы туралы мәліметтер (жойылуы, актінің №, күні және т.б.)
-------	--	--	---	---	--	---	---	--	--

		кітабын д а тіркеу №	адамның Т.А.Ә.	немесе жіберілді		атауы және күні	және кімге берілді	орган және т.б)		Ескертп е
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ